

**«Қ. БІТІБАЕВА ӘДІСТЕМЕСІМЕН ОҚЫТУ»
/ жас мамандарына арналған қалалық семинар/**

9 ақпан күні С. Сәдуақасұлы атындағы 78 мектеп-гимназияда Әдістемелік орталықтың әдіскері Жанар Маманның және қалалық «Бітібаева әдістемесі» шығармашылық топ мүшесі Көки Жұлдыздың ұйымдастыруымен «Қ. Бітібаева әдістемесімен оқыту» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні жас мамандарына арналған қалалық семинар өтті.

Семинарда Қ. Бітібаева әдістемесінің тиімділігі бойынша шығармашылық топ ұстаздары өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін шыңдауға ат салысты.

Бұл семинар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін жас мамандарды әдістемелік қолдау мақсатында жүзеге асты. «Дәуірдің дара ұстазы» атанған Қ.О. Бітібаеваның оқыту технологиясының тиімділігі мен әдістемелік ерекшеліктері жайында сөз қозғалып, шеберлік сағаттары көрсетілді. Сонымен қатар, ұлы ұстаздың өнегелі қырлары мен педагогтік болмысын айқындайтын естеліктер айтылып, ұстаз алдын көрген шәкірт-ұстаздардың тағылымды ойлары да ортаға салынды. Қала бойынша құрылған шығармашылық топ ұстаздары өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін шыңдауға ат салысты.»Әдебиетті- адамтану» пәні деп түсінген ұлы ұстаздың оқыту әрекетіндегі жаңашылдығы, оқытудағы заманауи пікірлер жайлы құнды ойлары ортаға салынды.

№52 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қабдеш Гүлнұр Бейімбет және Майлин атындағы №64 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Букенова Гауһар Асқанбекқызы «Қ. Бітібаеваның " Ой тастау, ойланту" технологиясы арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлау сипатын қалыптастыру», «Көркем шығарманы оқытудың әдіс-тәсілдері» тақырыбы бойынша әдебиет пәнін Бітібаеваша оқыту тәжірибелерімен бөлісті. С. Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия директоры Жангазакова Карлыгаш Есимхановна, директордың орынбасарлары Жанабилова Ания Ақайқызы, Курманова Айнур Муратовна, мектеп психологі Журкеева Анар Жаркинбековна жас мамандарға арналған шараға өз үлестерін қосты.

ДӘУІРДІҢ ДАРА ҰСТАЗЫ – Қ. БІТІБАЕВА

С. Сәдуақасұлы атындағы №78

мектеп-гимназиясы

директоры К.Е Жангазакова

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, жас ұстаздар, білім ордамызға қош келдіңіздер! Бірегей тұлға, даңқты ұстаз, қазақ педагогикасының көрнекті тұлғасы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Ұлттық Педагогика ғылымдары академиясының құрметті академигі «Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның оқыту әдістемесі» қалалық семинарына қош келдіңіздер!

Әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен, өткір ойы, батыл пікірі бар, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасын қалыптастырып, артына мол мұрасын қалдырған Қ.О.Бітібаеваның педагогикалық идеяларын, оқыту технологиясын насихаттау, білім беру үрдісінде кеңінен тарату – қазіргі таңда біздің еншімізде.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс - тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс - тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы.

1991 жылы 19 мамырда Қ.Бітібаеваның ғылыми әдістемелік атаулы мектебі ашылып, оның жетекшілігімен ұстаздар «Әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесін» жетілдіруге ат салысты. Сол жылы «Қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту» бағдарламасын әзірледі. Жоғары оқу орындарындағы педагог мамандарды оқытуға арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі, технологиясы» атты екі оқулығы да жоғары және орта білім беру жүйесіндегі сабақтастықты дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Осы үшін республикамыздың бүкіл педагогтері Қанипа мұғалімді «аға ұстаз», «ұстаздардың ұстазы» деп құрмет тұтты.

Парасатты педагогтің іс-тәжірибесі Шығыс Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарында ғана емес, өзі тәжірибе алмасқан АҚШ, Моңғолия, Ресей, Қытай сияқты елдерде де сарапшылардың сынынан сүрінбей өтті. Ол ұлттық педагогикамызды, қазақ әдебиетін әлемге танытты. Сол сапарлардан бірнеше ЖОО-ның құрметті профессоры, Аризона штаты Тусон қаласының құрметті азаматы, Моңғол Халық Республикасының «Даңқты ұстазы» атақтарын алып қайтты. Оның оқулықтары мен оқу құралдары қазірге дейін Моңғолия, Түркия, Қытай, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресейдегі қазақ мектептерінде пайдаланылып келеді, еңбектері ЮНЕСКО көлемінде танымал. Осының барлығы саналы өмірін халыққа қызмет етуге арнаған ардақты ұстаздың қайраткерлік қырларын айшықтай түседі.

Дара ұстаздың қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған оқулықтары білім беру саласына қосқан өлшеусіз үлесі. Сіздер Қанипа Омарғалиқызының осы бағалы мұрасын өз сабақтарыңызда пайдаланып, жас ұрпақтың рухани әлеміне жол аша біліңіздер.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДА Қ.БІТІБАЕВА ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Астана қаласы

*С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Көки Жұлдыз*

Әлемдік жаһандану мен заманауи ақпараттық ағыны легінде әдебиетімізді, ұлттығымызды, болашағымызды жоғалтып алмас үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі көзі қырағы, көңілі ояу болуы керек. Бұл қырағылық шәкірттерге білім мен тәрбие беру барысында жүзеге асырылуы қажет.

Сөз басын «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді – ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», – деген ардақты ұстаз Қ.Бітібаеваның сөзімен бастағым келеді. Білім беру үдерісіне қойылып отырған заманауи талаптарға сәйкес әдебиетті оқытудың жаңа мазмұны оқушылардың жан-жақты құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бұған дейін де, бүгінгі таңда да қазақ әдебиетін оқыту барысында Қ.Бітібаева технологияларын қолдану оқыту үрдісінде өз нәтижесін беріп отыр. Әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева оқыту барысында ұстаздың еңбегінің жемісті болуы мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне байланысты екендігі және тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алып қолдана білуінде екендігін айтады.

Жалпы әр сабақты түрлендіріп, шыңына жеткізіп, оқушының санасына құйып, қызықты етіп өткізу әр ұстаздың жеке шығармашылық, авторлық жұмысы болып саналады, сондықтан әр педагог өзінше нәтижеге қол жеткізеді.

Оқыту үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген Қ.Бітібаева технологиялары ұстаздар назарына ұсынамыз. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістерімен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Бұл технология бүгінгі күнде өзекті боп отырған жаңартылған бағдарламамен үндесіп жатыр.

Қ.О.Бітібаеваның технологиялары алты кезеңнен тұрады:

I кезең. Білім беру, өз бетімен білім алу үрдісінде бірлесіп әрекет ету мақсаты. Берілетін жаңа білім бойынша алдын ала тапсырма беру.

II кезең. Оқушылардың тапсырмалары бойынша жұмыстарын, жобаларын талқылау, болжамдарын саралау.


III кезең. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі. Жаңа білім игеру, игерту.

IV кезең. Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.

V кезең. Оқулықпен жұмыс.

VI кезең. Жинақтау, қорытындылау, коррекция.

Өткен ғасырдың 70-жылдары ғылым мен тәжірибені ұштастырып, үздік нәтижеге қол жеткізген Ш.Амонашвили, Ю.Бабанский, Ю.Львова, В.Шаталов сынды әлемге белгілі орыс ғалымдарымен тең атаның ұлындай тізгін қағыса пікірлескен Қанипа Омарғалиқызының өз технологиясын ұсына білді. Өдіскер ұстаз – Қанипа Бітібаева әдебиетті оқытуда ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасын ұстаным ұстыны етті. Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – оқушының ойына түрткі жасау – ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асты. Қазіргі таңда қолданылып жүрген балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, деңгейлік оқыту бағдарламалары, ондағы оқушыларды ынталандыру, жігерлендіру, өз-өзіне баға қою, баламен кері байланыс тәсілдерін Қанипа апай сонау 1992 жылдардан бері пайдалана білген. Ұстаздың педагогикалық шығармашылығы өзектілігін ешқашан жоғалтпайтыны сондықтан. Бұл туралы атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін».



Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары – баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның

білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан да бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.



Қ.Бітібаеваның "Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясы" атты оқулығында лириканы, эпикалық шығармаларды, драмалық шығармаларды жаңа технологиялармен оқыту жолдары баяндалған. Абай, Мұқағали лирикаларын меңгерудің жолдары тақырыпқа қатысты сабақ еткізудің технологиялық картасы, поэтикалық талдаулардың үлгілері, шығармашылық жұмыстар берілген. Жалпы қай әдеби шығарманы оқытсаңыз да Қ.Бітібаеваның тәжірибесінде жетілдіріліп, жазып қалдырған технологиясын, әдіс-тәсілдерін қолдану оқушыға оқытып үйретудің ең өнімді және тиімді тәсілдері деп баса айта аламыз, сондықтан да Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқыту әдістемесі бүгінгі күнде де әдебиетті оқытуда өзекті болып қала береді. Ал әр сабағын шығармашылықпен ұштастырып, сабақты оқушы қажеттілігін қанағаттанатындай, қызығушылығын арттыра алатындай деңгейде өткізу – әр ұстаздың білімділігі мен біліктілігінде.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ОБРАЗДЫ ТАЛДАУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

Г.А. Букенова Сұлтанбек Қожанов атындағы
«№64 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әдебиет – өнер пәні. Әдебиет арқылы оқушылар алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, солар арқылы халық арманы, қиялы, болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді. Көркем образды талдаудың басты мақсаты оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады.

Қазақ әдебиеті ғылымында көркем образды талдаудың 6 түрін көрсетеді

- 1.Әдебиеттегі көркем образ
- 2.Көркемдігі
- 3.Әдебиеттің тегі
- 4.Жинақтау тек типтендіру
- 5.Типтендіре жинақтау
- 6.Портрет

Әдебиеттегі адам бейнесін жасау сан түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. Суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын, қалыптасуымен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің зор мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әртүрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы өзінің әрекет, қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттарға көңіл бөледі. Негізгі қаһарманның келбеті, бой, тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп әсерлі бейнелеуге мән береді.

Қ.Бітібаева көркем образды талдауда үш мәселеге тоқталу керек екендігін айтады. Автордың көзқарасы Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы берілетін көркем шығарма негізіндегі терең ойға Суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланысты ашуға мән беру керектігін айтады.

Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасындағы 5-9 сынып оқу мақсаттарынан кесінді

3. Көркем шығармадағы образ	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысына н сипаттау	7.1.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысын анықтау	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін\ анықтау
--	--	---	---	--	--

Қазіргі білім беру бағдарламасында көркем образды талдауда оқу мақсаттарына мән берсек, Осы Қ. Бітібаева айтып отырған талдау дағдыларын көреміз. Көркем образды талдауда осы дағдыларды оқушының меңгеруіне, шығармадағы кейіпкерді жан-жақты талдауда қолданып жүрміз.

«Абай жолы» роман эпопеясын оқытуда шығармадағы образдық талдау жүйе қалай жіктеп оқытуды ұсынар едіңіз? дегенде Қ.Бітібаева өзінің осы жоспарды ұсынады.

1- сабақ. “Абай жолы» эпопеяның жазылу тарихы «Абай жолы деп аталу себебі эпопея туралы терең түсінік беру керек.

2 –сабақ. Шыңға шыққан жас шынар 1,2 кітаптар бойынша Абай бейнесі Абай және феодалдық қоғам. Феодалдық қоғаммен бетпе- бет дамып келе жатқан Сахарада оның қатал заңымен күресе отырып, көктеп келе жатқан дамудың көрінуі

3- сабақ. «Атаның емес, адамның ұлы бол» 3,4 кітаптар бойынша Абай жолы - халық жолы, халыққа қызмет ету жолы. Ол жол адалдық, имандылық, өнер білім, бостандық, гуманизм жолы Абай бейнесін жасаудағы жазушының идеялық, эстетикалық табысы

4-сабақ. Адамның емес, атаның ұлдары Құнанбайлар әлемі. Құнанбай әлемін жасаудағы жазушы шеберлігі.

5- сабақ Атасының қорлығы өткендер: Абай мен Дәркембайлар Кедей жатақ көсемдері ; Дәркембай, Дәндібай

Бай есігінде құл - құтандар, малшы - жалшылар: Иса, Байтұяқтар

Дала қырандары: Базаралы, Балағаздар

Қала кедейлері: Сейіт, Сейілдер

6- сабақ

“Көзімнің қарасы” Феодалдық қоғам және әйелдер

“Қарашығым қара қозым” Абайдың аналары Зере мен Үлжан

“Айттым сәлем қаламқас” Тоғжан, Айгерім

“Сертім сол - сенсіз өмір маған жоқ” Мәкен, Мағрипа, Еркежандар

“Қапастағы еркелер” Салтанат, Еркежандар
 “Жолыңа жаным құрбан” Керімбала, Үмітейлер
 “Күндестің аты күндес “ Ділдә мен Айғыздар

7-сабақ “Гүлдерім, дәндеріммен ұрпақ нәсіл қонар ма?” Абай және жас қауым

8-сабақ “Өмірге көзімді ашқан”. Абай мен оның орыс достары Кейіпкер бейнесі талдауда қандай әдістерді қолданып жүрсіз? Оқу мақсаттарындағы дағдыларды игертуде кәсіпкер образды талдаудағы Қ.Бітібаеваның төмендегі әдістемесін өз іс-тәжірибемде қолданып жүрмін.

1-тапсырма.

Берілген эпизодтағы кейіпкерлер іс әрекетіндегі ақынның көзқарасын, негізгі ойды анықта.

Оқиға	Эпизодтар	Кейіпкерлер іс-әрекеті туралы ақын көзқарасы	Негізгі ой
1 жорық	1 эпизод «Есіткен елдерінен жүріп кетті...» 2 эпизод «Бұл неткен су?» (шөлге кезігуі)	Ескендір елде алмаған хан қоймады, алған сайын көңілі бір тоймаған. Ескендірдің қан құмарлығын, тойымсыздығын әшкереледі. «Талқан қылып шаһарын алыңыздар». Ескендірмен мен оның сарбаздарының бейнесін ашады.	Қара күш иесі, зорлықшыл

2- тапсырма Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау

Оразбай	Қорытынды пікір
«Қастықта» бөлімінде Абайды масқара жазаға ұшыратушы ең кінәлілердің бірі- Оразбай. Екіншіден «шайқаста» бөлімінде Абайдың өлеңін оқығаны үшін Затон жұмысшысы Сейітті тірідей көміп тастаған Оразбай болатын.	Абайдың басына түскен небір қиындықтардың халық басына түскен небір ауыртпалықтардың бірден - бір кінәлілердің бірі- үстем тап өкілдері.

3-тапсырма С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы кейіпкерлер сөзін зерттеу арқылы кейіпкерлер бейнесін ашуда мақал-мәтелді қолданудағы жазушының шеберлігі

Оқиғалар	Кейіпкер пайдаланған мақал-мәтел	Кейіпкер характерін ашудағы маңызы	Жазушы шеберлігі

Тұрлығыңды үйленуге үгіттеу	Ақсақалдар сөзі: «Қатын өлді, қамшының басы сынды», «Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар, кедейдің қатыны өлсе басы қаңғырар»	Тұрлығың айналасындағылар әйел теңдігін аяққа басушылар, ескі әдеп-салтты мықты ұстаушылар екенінін танытады	Мақал-мәтел арқылы елдегі ескілікті, елдегі әйелдер басындағы трагедияны ашып береді. Әрі ақсақалдардың аузынан айтқызып, Тұрлығың айналасының жиренішті бейнесін жасайды
-----------------------------------	--	---	--

Оқушы көркем шығарманы талдай білу арқылы нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыланады, сөз құдіреті мен қасиетін ұғынады. Сол себептен, ең алдымен көркем тілмен сөйлеуге талаптандыру керек. Әр сөйлемнің негізінде нақты ой, сол ойды анық, айқын кестелейтін сөз оралымдары болу керек.

Күнделікті пайдаланатын тілді жақсы меңгерген баланы оны кестелеп, әдемілеп қолдануға дағдыландыру керек.

Қорытындылай келе, Қ. О. Бітібаеваның «Әдебиетте дайын формула, жаттап алатын заңдылықтар жоқ. Көркем туынды туралы оқушының өз қабылдауы мен өз пікірі туындағанда, соны негізге ала отырып, жаңа білімді игертуге іс әрекет жасағанда нәтижелі сабаққа қол жеткізесіз» деген сөзімен аяқтағым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1990ж.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997ж.

СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ СИПАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

№52 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қабдеш Гүлнұр

Армысыздар, құрметті әріптестер! (Пікір)

Мен ең алғашқы сөзімді академик З.Ахметовтың дәуірдің дара ұстазы атанған, мүмкіншілігі қала балаларынан шектелген ауылдың қара домалақ балаларын оқытуға бар еңбегі мен өмірін арнаған Қанипа апай жайлы айтқан мына бір сөзімен бастағым келеді: «Қанипа Бітібаеваның әр шәкірті Абай мен Мұхтарды терең біліп тұр. Егер де еліміздегі әр ұстаз баланы Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас...» Өз кезінде осындай алтын баға алған Қанипа апайдың қасиеті мен ұстаздық болмысы, адами тұлғасы, шәкірт жүрегінен орын алған педагогтік қызметінің ерекшелігі неде деген сауал туындайды.

Бүгінгі жас педагогтерге, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне Қанипа апайдың шәкірті ретінде, ол кісінің бастамасымен ашылған авторлық сыныптың жетекшісі ретінде оқыту әдістемесінің ерекшеліктері мен оқытудың әдіс-тәсілдері жайында ой бөліскім келді.

Әрине, Қанипа апайдың мен таныған бір ерекшелігі – ол кісінің адами болмысымен мамандығының біртұтастығы еді. Бұндай қасиет – негізі, өте сирек болатын құбылыс. Олай дейтініміз, Қанипа апай әдебиетті - адамтану пәні деп түсінді, сол үшін де ол әдебиетті шексіз сүйді, сол махаббатын шәкірттеріне ұластырған ерекше адам. Яғни, педагогиканың негізгі мақсаты боп табылатын оқыту мен тәрбиелеуді өз шыңына жеткізіп, соның мәуелі жемісін жеген дара тұлға.

Олай деп ой қорытатын себебім – ұстаздың шәкіртке дарытатын ең құнды іс-әрекеті – оқушының ойлануы, ойлану процесі, білесіздер оқушы ғана емес, кез-келген адамның жасайтын қадамының кілті. Ал мұғалімнің оқушыны ойланта алуы, ой салуы, оның қабылдайтын шешімдеріне түрткі болуы – педагогикадағы нәтиже, жеңіс.

Әдебиетті оқытуда «ой тастау, ойланту» технологиясының маңыздылығы мен өміршеңдігі, өзектілігі де осында жатыр. Осы бір асыл қасиет, яғни, оқушының жүрегіне жол тауып қана қоймай, оның әдебиетке деген сүйіспеншілігін орнатуды дара ұстаз қалай жүзеге асырды деген сауал мұғалімдер қауымының көкейінде туындайтыны даусыз. Сол үшін де мен педагогиканың жаттанды қағидаларын емес, Қанипа апайдың осындай педагогиканың биік шыңына көтерілу себептеріне тоқталуды жөн көрдім.

Ұстаздың бойында:

- шынайылық
- шамандығына деген жойқын сүйіспеншілік
- балаға деген зор мейірім
- жауапкершілік.

Міне, негізгі қасиеттері осы болды деп топшылаймын. Ол кісінің сабақтарын және әріптес болғаннан кейінгі кездесулер мен дөңгелек үстелдер, бас қосуларды көз алдыма елестетіп, ой елегінен өткіздім.

1. Мұқағали сабағы
2. Ұл балаға деген құрмет
3. М.Шахановтың келуі
4. Дәрігер мен мұғалім
5. «Бес тиын» әңгімесін ерекше ұнататын.

Міне, осындай өмір белестерінен орын алған жағдайлардың өзі бізді ойлантуға, ол кісінің тарапынан ой салуға жетеледі. Қарап отырсам, ол кісінің сабақ беруі мен өмір сүру салтында мықты гармониялық үйлесім болды. Оның құдіреттілігі мен ерекшелігі де осында жатыр.

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз. Сонымен қатар ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бетінше ойланып, мәселені шешу үшін бостандық керек

Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес: басқаның пікірімен міндетті түрде келісу емес, керсінше келіспеуіміз де мүмкін. Бұл біздің құқығымызды дәлелдейді. Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушының ой бостандығы кең болғандықтан, өзгенің пікіріне жиі келісе бермейді. Бұл тұлғаның қоғамдағы пікірін, орнын анықтайды.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Саналы дәлелдер арқылы жаңалық ашуға бейім келеді.

Сыни тұрғыдан ойлау жобасының кезеңдері қызығушылықты ояту, мағынаны тану және ой-толғаныс кезеңдерін қамтиды. Яғни, ойланту әрекеті және оның нәтижеге бағытталуы осы кезеңдерде жүзеге асады.

Ал, «ой тастау, ойланту» технологиясының ерекшелігі – тапсырманың алдын-ала беріліп, оқушының таным көкжиегінің кеңеюіне жағдай жасау болып табылады. Ұлы Абайдың өзі сыни ойлаудың жаңа көкжиегін ашушы болды. Абайдың авторитетке бағына салмауды дәріптеген, білім мен сенімде рационалды нақтылық пен дәлелділікті талап еткен кей өлеңдері мен қара сөздері сыни ойлаудың тамаша үлгісі деуге болады. Мысалы Абай айтады:

- Ақыл сенбей сенбеңіз,

- Бір іске кез келсеңіз.
- Ақсақал айтты, бай айтты,
- Кім болса, мейлі, сол айтты –
- Ақылменен жеңсеңіз.
- Надандарға бой берме,
- Шын сөзбенен өлсеңіз

Мұнда өз ақыл көзің жетпей тұрып "ештеңеге, ешкімге сене салма" деп ескертеді, сондай-ақ: "Мұны жазған кісінің, Атын білме, сөзін біл деп, ойдың шын-өтіріктігіне адамның өзі кепіл болмайтынын, дұрыс пікірлерді аты-жөні (беделі) бойынша емес, пікірдің мазмұны бойынша қабылдауды талап етеді.


Қорыта келе, Қанипа Бітібаеваның «ой тастау,ойланту» технологиясы арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлау сипатын қалыптастыруға болатынын айқындап алдық. Сондай-ақ, Қанипа апайдың ойлантуы мен ой тастауы ұлттық болмыстың сипатымен тікелей байланысында, ұлттық құндылықты тануында жатыр деп ойлаймын. Ол кісі өмірден өткенде ерекше жағдайға куә болдым. Өзінің қасиетті білім шаңырағынан сүйегін шығарды. Жан-жақтан келген шәкірттері ұстаздың денесі оралған қызыл кілемді көтеріп бара жатты, ортаға биіктетіп қойып, соңғы сапарына шығарып салдық. Сол кезде кілемнің бетіне тырс-тырс тамған шәкірттерінің көз жасы кілемді дымқылдандырып жіберді. Сол кезде енді ғана ауылдан келген, 7 сыныпқа қабылданған гимназистер таңырқап қарап тұрды. Оларға да ұлы ұстаз соңғы демі үзілгенге шейін ой салып тұрғандай болды... Жаныңыз жаннатта болсын,дара ұстаз деп ойымды аяқтағым келеді. Рахмет, назар салып тыңдағандарыңызға!

Практикалық бөлім
Қ.Бітібаева әдістемесін әдеби шығармаларды оқытуда қолдану
Коучинг жоспары

Астана қаласы
С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ДОЖО Жанабиллова А.А.

Коучинг тақырыбы	Қазақ әдебиетін оқытудағы Қ.О.Бітібаева технологиясының тиімділігі		
Жалпы мақсаты	Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиясымен таныстыра отырып, тиімділігін ашып көрсету, ұстаздардың өз іс-тәжірибелерінде қолдануға бағыт-бағдар беру.		
Оқудың нәтижесі	- Мұғалімдер қазақ тілі мен әдебиетті оқу сабағында Қ.О.Бітібаева әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиясының тиімділігін түсінеді;		
Негізгі идея	Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының қолдану тиімділігін түсіндіру.		
Көрнекі құралдар	<p>Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы</p>		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Топтықжұмыс, теориялық материалмен жұмыс, постер құрау		
Жүргізілу барысы	Мазмұны	Уақыты	Ресурс

<p>Өтілу тәртібі 1.Ұйымдастыру кезеңі:</p>	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Мұғалімдер дайын тұрған топқа бөлініп отырады; ▪ Сұрақ-жауап әдісі және «Түймедақ» тренингімен мұғалімдер ойын топтық жұмысқа жұмылдыру; ▪ «Ой тастау, ойланту» технологиясының теориясы ұсынылады. 	<p>5 мин</p>	<p>Түймедақ көрнекіліктері</p>
<p>Тақырыпты ашу</p>	<p>Ой қозғау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сіз осы технологиядан нені білгіңіз келеді? 2. Мұғалім ретінде қандай әдіс-тәсілдерді білесіз? 3. Бүгінгі семинардың пайдасы тиеді деп ойлайсыз ба? 	<p>5 мин</p>	<p>тақта, сұрақтар</p>
<p>Теориялық бөлім</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қ.О.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиясымен танысып, топта түсінгендерін талқылау; 2. Берілген теориядан әдебиетті оқытуда тиімді болады деген көзқарасты табу. 	<p>5 мин</p>	<p>Қ.О.Бітібаева «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы»</p>
<p>Практикалық бөлім</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тиімді әдістерді жаңартылған білім мазмұнымен үндестіру жолдарын қарастырыңыздар. 2. Берілген оқу мақсаттарына сай Қ.Бітібаева технологиясын қолдана отырып, тапсырмалар құрастыру. 	<p>10 мин</p>	<p>постер</p>

<p>Рефлексия</p>	 <ul style="list-style-type: none"> • Қ.О.Бітібаеваның технологиясы туралы ұсыныс жасағынымызбен, оны тура автордай қолданыңыз деп талап қоя алмаймыз. Өз сабақтарыңызда түрлендіріп, заманауи технологиямен ізденімпаздықпен қолданарсыздар. 	<p>5 мин</p>	
-------------------------	--	--------------	--

